

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің 2022  
жылғы 27 тамыздағы №384  
бұйрығына қосымша

**Барлық санаттағы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш  
сынып оқу пәндерінің сапалы білімді қамтамасыз ету алгоритмдері»  
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру  
бағдарламасы (80 сағ)**

**Бағдарлама авторлары:**  
**Жумабаева Азия Елеупановна** –  
п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ  
профессоры, Бастауыш білім беру  
кафедрасының меңгерушісі  
**Астамбаева Жупат**  
**Канапьяновна** – PhD, Абай  
атындағы ҚазҰПУ аға  
оқытушысы

**Алматы, 2023**

**Барлық санаттағы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып оқу пәндерінің сапалы білімді қамтамасыз ету алгоритмдері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағ)**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Бастауыш сынып оқу пәндерінің сапалы білімді қамтамасыз ету алгоритмдері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) барлық санаттағы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

2. Бағдарлама білім беруді дамытудың негізгі бағыттарының инновациялық форматына және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес бастауыш сынып оқу пәндерін («Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Математика») оқыту үдерісін ұйымдастыруға қажетті әдістемелік біліммен қаруландыруға және практикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

### **2. Глосарий**

**Алгоритм** – әр қадамы саналы түрде таңдалып алынған, қатаң түрде белгілі бір ретпен орындалатын әрекеттер реті.

**Сызықты алгоритм** – берілген тәртіп бойынша бір рет қана орындалатын әрекеттердің сипаттамасы.

**Тармақталған алгоритм** – шартына байланысты әрекеттер ретінің не біреуінің, не екіншісінің орындалатын алгоритмі.

**Циклді алгоритм** – әрекеттердің орындалғанға дейін, яғни нақты нәтижеге жеткенге дейін қайталана беруі, қайталамалы әрекеттердің сипаттамасы.

**Адамның алгоритмдік ойлау қабілеті** – қажетті нәтижеге жету үшін әрекеттердің ретті жоспарын құра алуда талап ететін түрлі деңгейдегі мәселелерді шеше алу білігі.

**Алгоритмдік сауаттылық** – алгоритмдер және олардың түрлері жайлы теориялық материалдарды игеріп, өз кәсіби іс-әрекетінде және оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен басқаруда қолдана алу сауаттылығы.

Бастауыш білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі.

**Білім беру бағдарламасы** – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

**Дескриптор** – оқушының белгілі бір тапсырма бойынша орындаған жұмысының деңгейін немесе сапасын сипаттайтын тұжырым.

**Жаттығу** – білімді бекітудің және білік пен дағдыларды қалыптастырудың негізгі әдістерінің бірі.

**Жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

**Есеп** – мәтіні, өмірлік жағдаяты, сұрағы болатын және арифметикалық амал (амалдар) орындау сияқты мәнді белгілері бар математикалық жаттығудың ерекше түрі.

**Қалыптастырушы бағалау** – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады.

**Мысал** – сандардың, амалдардың, кейде жақшалардың көмегімен жазылатын жаттығу түрі.

**Оқу бағдарламасы**- әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама

**Оқу жоспары** – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат;

**Оқытудан күтілетін нәтижелер** – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

**Рефлексия** (лат. *reflexio* – өткенге жүгіну) - субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, оларды қайта ойлап, қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аударуы.

**Сын тұрғысынан ойлау** - қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

**Теңдеу** – құрамында әрпі болатын теңдік.

### 3. Бағдарлама тақырыбы

Модульдер	Тақырыптар
I. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ	1.1 ҚР МЖМБС мазмұны мен құрылымы, тұжырымдамалық негіздері (бастауыш білім беру деңгейлері бойынша). Бастауыш білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.
	1.2 «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат (2023-2024 оқу жылы)
	1.3 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

	<p>1.4 Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "ӘЛППЕ" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.</p> <p>1.5 Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Ана тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.</p> <p>1.6 Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.</p> <p>1.7 Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Математика" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.</p> <p>1.8 Оқу пәні ретіндегі математиканың нормативтік-құқықтық сипаттамасы.</p> <p>1.9 TIMSS тест тапсырмаларының жинағы: 4-сынып. Ақпараттық-талдау орталығы</p>
2 БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	<p>2.1 Білім беру мазмұнын жаңғыртудың алғышарттары. Бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны.</p> <p>2.2 Оқу бағдарламаларының құрылымы мен оқу жоспарларындағы педагогикалық дизайн. Оқу бағдарламаларын, оқу мақсаттары мен құрылымын жаңғыртудың ерекшеліктері, оқу мақсаттарын жүйелеу және оларды педагогикалық тәжірибеге енгізу.</p> <p>2.3 Сыни ойлауды дамыту үшін 7 модульді пайдаланып, сабақтарды ұйымдастыру және өткізу. Тиімді сұрақтар. Ойлау дағдысының деңгейлері, Ойлау дизайны технологиясын дамытудың дидактикалық ерекшеліктері, негізгі қағидаттары мен әдістері.</p> <p>2.4 Оқу пәні ретіндегі Қазақ тілінің, Математиканың нормативтік-процессуалдық сипаттамасы.</p>
3 МАЗМҰНДЫҚ - ПРОЦЕССУАЛДЫҚ	<p>3.1 Алгоритм, оның түрлері және қасиеттері</p> <p>3.2 Үлгілік оқу бағдарламасындағы алгоритмдік материалдар.</p> <p>3.3 Бастауыш сынып оқушысының алгоритмдік мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың маңызы</p>
4 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	<p><b>Модуль 4.1. «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндерін оқытуда алгоритмдерді қолданудың әдістемесі</b></p> <p>4.1.1 А.Байтұрсынов әдістемесіне негізделген Әліппені оқыту ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері</p> <p>4.1.2 Бастауыш сынып оқушыларының сауатты жазу дағдысын қалыптастыру алгоритмдері</p> <p>4.1.3 Бастауыш сыныптардағы «Қазақ тілі» курсы мазмұндық-әдістемелік желілер материалдарын оқытудағы инновациялық тәсілдемелер</p> <p>4.1.4 «Қазақ тілі» оқу пәнінен сапалы білім беру алгоритмінің құрылымы</p> <p>4.1.5 Алгоритм «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша нәтижеге жетудің, оқушылардың өздерін бақылауы мен бағалауының құралы ретінде</p>

	4.1.6 «Қазақ тілі» оқу пәнінде оқушылардың функционалдык сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру жолдары
	<b>Модуль 4.2. «Математика» пәнін оқытуда алгоритмдерді қолданудың әдістемесі</b>
	4.2.1 Математикалық жаттығулар жүйесі және оларды орындатудың алгоритмдері
	4.2.2 «Сандар мен шамалар» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану: <i>Натурал сандар 0 саны. Бөлшектер. Шамалар және оларды өлшеу.</i>
	4.2.3 «Сандар мен шамалар» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану: <i>Сандармен амалдар орындау</i>
	4.2.4 «Математикалық модельдеу». мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану: <i>Есептер және математикалық модель</i>
	4.2.5 «Жиын. Логика элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану.
	4.2.6 «Алгебра элементтері» және «Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану.
5 ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ	5.1 Оқу мен жазуды кіріктірудегі қиындықтар және оларды шешу жолдары. 5.1 Құрама есепті шешуге үйретудегі әдістемелік мәселелер
	5.2 Тілдік дағдылар (көпшілік алдында сөйлеу, диалогпен сөйлесу, жазбаша қарым-қатынас, топтық қарым-қатынас) дамыту жолдары. 5.2 Жазбаша бөлу алгоритміндегі оқушылардың жіберетін типтік қателері және оларды болдырмау жолдары

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – бастауыш білім педагогтерінің кіші жастағы мектеп оқушыларына оқу пәндерін (Әліппе, қазақ тілі, математика) оқыту барысында туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби деңгейде шешу үшін қажет болатын алгоритмдік құзыреттіліктерін дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

1) білім мазмұнын жаңартуда тыңдаушылардың білімін және оқу бағдарламаларының ерекшеліктерін өзектендіру;

2) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті тұжырымдамалық және теориялық негіздерді қолданып, кіші мектеп жасындағы оқушыларға оқу пәндерін («Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Математика») оқыту барысын жоспарлау, оны жүзеге асыру, басқару және рефлексиядағы білім, білік және дағдыларды біріктіретін пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру;

3) диагностикалық және зерттеу әрекеттерін жобалау және жүзеге асыру технологиясын игеруге себепкер болу;

4) бастауыштың оқу пәндерін оқыту үдерісінде сыни ойлау, критериялды бағалау мен рефлексиялау дағдыларын дамытуда,

функционалдық-тілдік, функционалдық-математикалық, әдістемелік-тілдік, әдістемелік-математикалық және алгоритмдік сауаттылықты дамыту барысында тыңдаушыларға қолдау көрсету;

5) білім беру аймағында цифрлық технологияларды, алгоритмдік материалдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) «Әліппе», «Қазақ тілі», «Математика» пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын *біледі және түсінеді*;

2) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті тұжырымдамалық және теориялық негіздерді пайдалана отырып, оқу пәндері бойынша жоспарлауды *жүзеге асырады*;

3) әдістемелік-тілдік, әдістемелік-математикалық және алгоритмдік сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмаларды *іріктейді, құрастырады және қолданады*;

4) жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде алгоритмдерді қолданады және оқу пәндерін оқыту барысында алгоритмдік ойлауы мен алгоритмдік мәдениеті дамиды, білім беру саласында цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын *меңгереді*;

5) сыни ойлау, критериалды бағалау мен рефлексиялау, білім беру ресурстарын қолдану дағдыларын *дамытады*.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) жаңартылған білім беру жүйесінің концептуалдық негіздері;
- 3) мазмұндық-процессуалдық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. Ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін басқару мен ұйымдастыруда басшылыққа алынатын құжаттармен танысуға, орта және бастауыш білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарын анықтауға мүмкіндік береді.

2-модуль. Жаңартылған білім беру жүйесінің концептуалдық негіздері. Модульді зерделеу барысында педагогтер білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттарымен танысады, «Әліппе», «Қазақ тілі», «Математика» пәндері бойынша үлгілік оқу жоспарларына сараптамалық талдау жасайды; ұғымдары мен ұстанымдарын, пәндік ерекшеліктерін саралайды; оқу пәндерін оқытудағы білім берудің ерекшеліктерімен танысады.

3-модуль. Мазмұндық-процессуалдық. Педагогтер алгоритм, оның түрлері және қасиеттері, үлгілік оқу бағдарламасындағы алгоритмдік

материалдармен, бастауыш оқу пәндерін («Әліппе», «Қазақ тілі», «Математика» пәндері) оқытудағы алгоритмнің рөлімен, бастауыш сынып оқушысының алгоритмдік мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың маңызымен танысады.

4-модуль. Технологиялық. Бұл модульдің өзі екі бөлімнен тұрады. «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі» пәндерін оқытуда алгоритмдерді қолданудың әдістемесі» атты 4.1 модулінде «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі» пәндерін оқу мен оқытудағы инновациялық тәсілдемелер алгоритмдік тұрғыдан қарастырылып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру бойынша педагогтердің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. «Математика» пәнін оқытуда алгоритмдерді қолданудың әдістемесі» атты 4.2 модулінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес математиканың оқу бағдарламасындағы бөлімдер мен бөлімшелерді оқыту барысында алгоритмдік материалдарды қолдану және тыңдаушылардың алгоритмдік, әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту және алгоритмдік мәдениеті мен ойлауын дамыту қарастырылады.

5-модуль. Вариативтік. Тыңдаушыларға пәндер бойынша оқулықтар мазмұнындағы оқу бағдарламаларын алгоритмдік тұрғыдан іске асыру ерекшеліктері мен білім беру саласы бойынша бастауыш сынып оқушыларының жобалау және зерттеу әрекетінің дағдыларын дамыту, оқу пәндерін оқыту барысында педагогтердің диагностикалық тест тапсырмаларын орындауы, оның нәтижелері, соған сәйкес өзіндік жеке жұмыс бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу, тарату жүзеге асырылады.

## **6. Оқу үдерісін ұйымдастыру**

Курстар төмендегідей режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру үдерісі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс, тренинг, форум, практикалық жұмыс, кеңес беру, тестілеу, өзіндік жұмыс.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс сауалнамасы қарастырылған, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында тестілеу және жоба қорғау өткізіледі.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

№	Сабақтың тақырыптары	Деріс	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Форум	Тестілеу	Өздік жұмыс	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
<b>1</b>	<b>НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ</b>	<b>4</b>						<b>4</b>
1.1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының мазмұны	2						2
1.2	Бастауыш білім беру деңгейінің оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны.	2						2
<b>2</b>	<b>БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	<b>4</b>				1		<b>5</b>
2.1	Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «ӘЛІППЕ», 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу мазмұнының тұжырымдамалық сипаттамасы.	3						3
2.2	Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәні бойынша оқу мазмұнының тұжырымдамалық сипаттамасы.	1				1		2
<b>3</b>	<b>МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ. Сапалы бастауыш білімді қамтамасыз ету алгоритмдері және оларды қолданудың теориялық негіздері</b>	<b>2</b>				<b>1</b>	<b>4</b>	<b>7</b>
3.1	Алгоритм, оның түрлері және қасиеттері	1					2	3
3.2	Бастауыш оқу пәндерін оқытудағы алгоритмнің рөлі, бастауыш сынып оқушысының алгоритмдік мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың маңызы.	1				1	2	3
<b>4</b>	<b>ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ</b>	<b>20</b>	<b>6</b>	<b>6</b>		<b>4</b>	<b>20</b>	<b>56</b>
<b>4.1.</b>	<b>«Әліппе», «Ана тілі» «Қазақ тілі» пәндерін оқытуда алгоритмдерді қолданудың әдістемесі</b>	<b>10</b>	<b>3</b>	<b>3</b>		<b>2</b>	<b>10</b>	<b>28</b>
4.1.1	А.Байтұрсынов әдістемесіне негізделген Әліппені оқыту ұстанымдары (дыбыспен жаттығу; әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу; оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу) мен әдіс-тәсілдері (дыбыспен жаттығу, дыбыс жүйелі жалқылаулы-жалпылау әдіс, жазу-оқу әдісі)	2	1	1		1	2	7
4.1.2	Бастауыш сынып оқушыларының сауатты жазу дағдысын қалыптастыру алгоритмдері	2		1			2	5



4.1.3	Бастауыш сыныптардағы «Қазақ тілі» курсы мазмұндық-әдістемелік желілер материалдарын оқытудағы инновациялық тәсілдемелер	2	1				2	5
4.1.4	«Қазақ тілі» оқу пәнінен сапалы білім беру алгоритмінің құрылымы. Алгоритм «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша нәтижеге жетудің, оқушылардың өздерін бақылауы мен бағалауының құралы ретінде	2		1			2	5
4.1.5	«Қазақ тілі» оқу пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру жолдары	2	1			1	2	6
<b>4.2.</b>	<b>«Математика» пәнін оқытуда алгоритмдерді қолданудың әдістемесі</b>	<b>10</b>	<b>3</b>	<b>3</b>		<b>2</b>	<b>10</b>	<b>28</b>
4.2.1	Математикалық жаттығулар жүйесі және оларды орындатудың алгоритмдері	1						1
4.2.2	«Сандар мен шамалар» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану: <i>Натурал сандар 0 саны. Бөлшектер. Шамалар және оларды өлшеу.</i>	2	1	1			2	6
4.2.3	«Сандар мен шамалар» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану: <i>Сандармен амалдар орындау</i>	2	1				2	5
4.2.4	«Математикалық модельдеу». мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану: <i>Есептер және математикалық модель</i>	2	1	1			2	6
4.2.5	«Жиын. Логика элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану.	1					2	3
4.2.6	«Алгебра элементтері» және «Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқытуда алгоритмдерді қолдану.	2		1			2	5
4.3	Қорытынды тест тапсырмалары					2		2
<b>5</b>	<b>ВАРИАТИВТІК</b>			<b>4</b>			<b>4</b>	<b>8</b>
5.1	Оқу мен жазуды кіріктірудегі қиындықтар және оларды шешу жолдары			1			1	2
	Құрама есепті шешуге үйретудегі әдістемелік мәселелер			1			1	2
5.2	Тілдік дағдылар (көпшілік алдында сөйлеу, диалогпен сөйлесу, жазбаша қарым-қатынас, топтық қарым-қатынас) дамыту жолдары			1			1	2
	Жазбаша бөлу алгоритміндегі оқушылардың жіберетін типтік қателері және оларды болдырмау жолдары			1			1	2
	<b>Барлығы</b>	<b>32</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>-</b>	<b>6</b>	<b>26</b>	<b>80</b>

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін модератор Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді және олардың білімін бақылау мен бағалау нысанын лектордың таңдауы бойынша өзгертуге болады.

1) **Тестілеу.** Тестілеу 1-4 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелері бойынша жүргізіледі:

№	Модульдер	Тест тапсырмаларының саны	Балл
1	Нормативтік-құқықтық	2	2
2	Жаңартылған білім беру жүйесінің концептуалдық негіздері	2	2
3	Мазмұндық-процессуалдық	6	6
4	Технологиялық	50	50
	Барлығы:	60	60

2) **Жоба.** Мақсаты – осы біліктілікті арттыру бағдарламасының 3-4 модульдерін игеру қорытындысы бойынша бастауыш білім беру деңгейлері оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес алгоритмдерді қолдану нәтижелерін жоспарлау мен бағалаудың инновациялық тәсілдерін түсіну мен қолдануды бағалау.

Жобаның тақырыптары төмендегідей:

1. 1-сынып «Әліппе» оқулығы мен жазу дәптеріндегі алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

2. 1-сынып «Математика» оқулығындағы және математика дәптеріндегі алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

3. 2-сынып «Қазақ тілі» оқулығындағы алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

4. 2-сынып «Математика» оқулығындағы алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

5.3 -сынып «Қазақ тілі» оқулығындағы алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

6. 3-сынып «Математика» оқулығындағы алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

7. 4-сынып «Қазақ тілі» оқулығындағы алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

8. 4-сынып «Математика» оқулығындағы алгоритмдік материалдар және оларды қолдану әдістемесі.

**Жобамен жұмыс жасау кезеңдері:**

- 1. Ізденушілік.**
  - жобаның тақырыбы мен мәселесін анықтау;
  - мәселені іздестіру және талдау;
  - жобаның мақсатын қою.
- 2. Аналитикалық**
  - бар ақпаратты талдау;
  - жоба мәселесіне байланысты ақпарат іздестіру және талдау;
  - жоба мақсатына жетудің оңтайлы тәсілдерін (баламалы шешімдерін) іздестіру, әрекет алгоритмін құру;
    - жобаны жүзеге асырудың жоспарын құру: жұмыстың әр қадамын жоспарлау;
    - ресурстарды талдау.
- 3. Практикалық**
  - жоспарланған технологиялық әрекеттерді орындау;
  - сапаны ағымдық бақылау;
  - қажетіне қарай құрылымы мен технологиясына өзгерістер енгізу.
- 4. Таныстырылым (презентация)**
  - таныстырылымдық материалдарды дайындау;
  - жобаның таныстырылымы;
  - жобаның нәтижелерін (көрме, жобалар жиынына енгізу, жарияланым) қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.
- 5. Бақылау**
  - жобаны орындау нәтижелерін талдау;
  - жобаны орындау сапасын бағалау.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

*1-кезең* – жаңа мемлекеттік стандарт пен бастауыш білім беру деңгейлері оқу бағдарламалары мазмұны бойынша әзірленген оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес жоспарлауға, алгоритмдік материалдарды өз кәсіби әрекеттерінде қолдануға көмектесу, бағыт беру, одан ары қарай да ынтымақтастықты жалғастыруды;

*2-кезең* – «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Математика» пәндерін оқыту барысында алгоритмдерді қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелері бойынша ақыл-кеңес беру, көмек көрсетуді, әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.), түрлі платформаларды (Google, TIMSS, LC MOODL, ZOOM және т.б.) пайдалана отырып, ақыл-кеңестер, онлайн іс-шаралар өткізуді;

*3-кезең* – түрлі іс-шараларға қатыстыруды қолдауды көздейді:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, республикалық деңгейде) сөз сөйлеу;

- кәсіби жарыстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);

- ғылыми-әдістемелік мақалаларды облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында (авторлық бірлестікте болуы мүмкін) шығару;

- оқушылардың ғылыми жұмыстары мен жобаларына жетекшілік ету.

4-кезең – тыңдаушылардың алгоритмдік материалдарды қолданып, өзінің және білім алушылардың алгоритмдік сауаттылығын дамыту мен алгоритмдік мәдениетін көтеру бойынша жұмыстарын жалғастыруға көмек көрсетеді.

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

### *Негізгі әдебиеттер:*

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-ІІІ, 10.09.2023 өзгерістер және толықтыруларымен) (<http://adilet.zan.kz>).

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).

3. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "ӘЛШПЕ" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 1-қосымша.

4. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Ана тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

5. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

6. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

7. TIMSS тест тапсырмаларының жинағы: 4-сынып. Ақпараттық-талдау орталығы: Нұр-Сұлтан, 2020 – 97 бет.

8. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х., Құрманалина С.Қ.. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. 2 басылым. – Астана, «Фолиант», 2010. – 468 б.

9. Астамбаева Ж.Қ.. Математиканы оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана, «Дарын», 2016. – 80 б.

10. Астамбаева Ж.Қ., Жұмабаева А.Е. Алгоритмдерді оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2022. – 72 б.

11. Жұмабаева Ә.Е. т.б. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған/Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 256 бет.

12. Жұмабаева Ә.Е. т.б. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып мұғалімдеріне арналған/ Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова, М.А. Данабаева. – Алматы: «Атамұра», 2019. – 448 бет.
13. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2017. – 128 б.
14. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2017. – 128 б.
15. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2017. – 128 б.
16. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 б.
17. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 б.
18. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2019. – 144 б.
19. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2019. – 144 б.
20. Оспанов Т. Қ. және т.б. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді. /Т. Қ. Оспанов, Ж. Қ. Астамбаева, Н. О. Мергенбаева. – Алматы: Атамұра, 2022. – 144 бет.
21. Оспанов Т. Қ. және т.б. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді. /Т. Қ. Оспанов, Ж. Қ. Астамбаева, Н. О. Мергенбаева. – Алматы: Атамұра, 2022. – 144 бет.
22. Оспанов Т. Қ. т.б. Математика. Оқыту әдістемесі: Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған. 1-бөлім / Т. Қ. Оспанов, Ж. Қ. Астамбаева, Н. О. Мергенбаева – Алматы: Атамұра, 2022. – 250 бет.
23. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Т.И.Лихобабенко. Математика. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 108 б.
24. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Т.И.Лихобабенко. Математика. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 96 б.
25. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Т.И.Лихобабенко. Математика. 3-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 108 б.

26. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Т.И.Лихобабенко. Математика. 4-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 100 б.
27. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Лихобабенко Т. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. I-бөлім. Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2023. – 148 б.
28. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Лихобабенко Т. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2023. – 144 б.
29. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Лихобабенко Т. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 3-бөлім. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2023. – 160 б.
30. Математика. 4-бөлім: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. / Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова. Т.В.Лихобабенко.– Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 144 бет.
31. Математика: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып мұғалімдеріне арналған/ Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В. Лихобабенко.– Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2019. – 595 б.
- 32.<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/353117?lang=ru>

### ***Қосымша әдебиеттер:***

1. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.
2. Кәсіби стандартты және ұлттық біліктілік тестін жетілдіру шеңберінде педагогтерді аттестаттаудан өтуге дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.– Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 98 б.
3. Белошистая А.В. Методика обучения математике в начальной школе: курс лекций. – М.:Владос, 2016. – 352 с.
4. Активные методы обучения на уроках математики в начальной школе/ сост.: Кушнир М.П., Мендығалиева З.М., Петрик Е.П. Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017. – 43 с.
5. Махмутова, Л.Г. Методика обучения математике в начальной школе [Текст]: учебно-практическое пособие / Л.Г. Махмутова. – Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2015. – 216 с.